



Бекітемін:
«Манашы» бөбекжайы» МКҚК
директоры К.Корпелиева
« 11 » « 09 » 2023ж

№3 «Құлыншақ тобы»

Ата – аналармен өткізілетін жылдық жұмыс жоспары.

Тәрбиеші: Утарбаева Ж

2023-2024ж

Ата – аналармен өткізілетін жылдық жұмыс жоспары.

P/c	Іс – шаралар тақырыбы	Өткізілу түрі	Жауапты
1	Қыркүйек 1. Ата – аналарды 2023 – 2024 оқу жылының жоспарымен таныстыру. 2. Ата – аналар комитетін сайлау.	Ата – аналар жиналысы. Пікірлерін тыңдау.	Топ тәрбиешілері: Утарбаева Ж Джылымбаева Е
2	Қазан 1 «Балалардың жан-жақты дамуына отбасының рөлі» баяндама. 2. Ата-аналармен сауалнама өткізу. Балаңызға балабақшаға ұнайды ма?	Баяндама Сауалнама	Медбике: Қазиева Топ тәрбиешілері: Утарбаева Ж Джылымбаева Е
3	Қараша 1. Қазіргі уақыттағы дәрумендердің бала организмiне пайдасы. 2. "Күз – жомарт"	Кеңес Ертенгiлiк	Медбике: Қазиева А. Топ тәрбиешілері: Утарбаева Ж Джылымбаева Е
4	Желтоқсан 1. Балалар – біздің болашағымыз. 2. Диагностикалық зерттеудің қорытындысы.	Баяндама Ата – аналар жиналысы	Топ тәрбиешілері: Утарбаева Ж Джылымбаева Е
5	Қаңтар 1. "Дені саудың – жаны сау" мәдени – гигиеналық шара. 2. Бала денсаулығын нығайтудың дәстүрлі емес түрлері.	Жылжымалы папка. Буклет.	Топ тәрбиешілері: Утарбаева Ж Джылымбаева Е
6	Ақпан 1. Бала тәрбиесіндегі ата – ананың рөлі. 2. Тәрбие отбасынан басталады.	Дөңгелек үстел.	Топ тәрбиешілері: Утарбаева Ж Ата – аналар Джылымбаева Е
7	Наурыз 1. Тәрбие тірегі – халық мұрасы. 2. Қазақтың ою – өрнектері.	Көрме.	Топ тәрбиешілері: Утарбаева Ж Ата – аналар . Джылымбаева Е
8	Сәуір 1. Табиғатты аялайық. 2. Табиғат бұрышындағы әдемі гүлдер.	Ата – аналармен бірлескен жұмыс. Көрме	Ата – аналар. Утарбаева Ж Джылымбаева Е
9	Мамыр 1. Жазғы сауықтыру – шынықтыру шараларына дайындық. 2. Жылдық жоспар бойынша қорытынды.	Жыл бойы өткізілген жұмыстарға есеп беру. Ата – аналар жиналысы	Медбике: Қазиева А Утарбаева Ж Джылымбаева Е

Ата-аналар жиналысының хаттамасы.

Хаттамасы № 1 Күні : 21.09.23

Қатысқаны: 19

Қатыспағаны: 6

Күн тәртібіндегі мәселелер:

1. Ата – аналарды 2023 – 2024оқу жылының жоспарымен таныстыру.
2. Ата – аналар комитетін сайлау.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша топ тәрбиешісі Утарбаева Жанар сөз алды. Топ тәрбиешісі жаңа оқу жылымен ата-аналарды құттықтады және де оқу жылындағы өткізілетін шаралармен таныстырды. Ата-аналар тарапынан балалардың балабақшаға бейімделу туралы сұрақтар қойылып, бейімделу бойынша толық кеңестер берілді. Балабақшада бала жан жақты біліммен сусындап, жақсы мен жаманды айыра алады. Тәртіпке , тәрбиеге үйренеді. Балалар бір-біріне мейірімді болуды үйренеді. Достықтың мағынасын түсінеді. Үйде ата-ана қолдап бізге көмек көрсетсе, бізде бар ынтамызбен тәрбиелеп жақсы азаматтар шығарамыз деп сенім білдірді.

Екінші мәселе бойынша топ тәрбиешісі Джылымбаева Еркінай ата-аналар комитетінің мүшелерін сайлауға шақырды. Ата-аналар бір ауыздан комитеттің төрайымы Қойбакова Жансая деп шешті.

Қаулы:

1. Ата-аналар мен тәрбиеші өздеріне қойылған талаптарды өз деңгейінде орындасын.
2. Ата-аналар комитетінің төрайымы Қойбакова Жансая болып бекітілсін.

Төрайымы: Утарбаева Жанар
Хатшы: Джылымбаева Еркінай

Ата-аналар жиналысының хаттамасы.

Хаттамасы № 2 ____ Күні : 09.12.23

Қатысқаны: 17

Қатыспағаны: 8

Күн тәртібіндегі мәселелер:

1. Баяндама оқылды.
2. Жаңа жал мерекесіне арналған ертеңгілік іс-шараларымен таныстыру.
3. Ертеңгілікке берілетін сыйлықтар туралы келісім жасау.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша топ тәрбиешісі Утарбаева Жанар баяндама оқыды. Ата-аналар баяндаманы тыңдап ризашылығын білдірді.

Екінші мәселе бойынша топ тәрбиешісі Джылымбаева Еркінай балаларға өтілетін ертеңгілік іс-шаралары мен таныстырып өтті. Ата-аналар бір ауыздан жаңа жылдық мерекеге ат салысып қатысамыз деп шешті.

Үшінші мәселе бойынша топ тәрбиешісі Джылымбаева Еркінай жаңа жылдық ертеңгілікке балаларға берілетін сыйлықтар жайлы айтты. Соны мен қатар ұл-қыздардың жаңа жылға билейтін номерлері бар екенін, оларға арнайы киімдердің керектігін айтып өтті. Ата-аналар сыйлыққа және киімдерге ат салысып өздері дайындайтынын айтты.

Қаулы:

1. Баяндаманы Утарбаева Жанар Ата-аналар өз деңгейінде оқылғанын айтты.
2. Ертеңгіліктің өз деңгейінде өтуі топ тәрбиешілеріне тапсырылсын.
3. Жаңа жылдық ертеңгіліктегі киімдері мен сыйлықтар ата-аналарға жүктелсін.

Төрайымы: Утарбаева Жанар
Хатшы: Джылымбаева Еркінай